

Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 56-12 " 2020-2022 жылдарға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Салқынкөл ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2020 жылғы 10 сәуірдегі № 58-14 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 14 сәуірде № 6191 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-1-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағы 1) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының " 2020-2022 жылдарға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Салқынкөл ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 56-12 шешіміне (2020 жылғы 20 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланды, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5899 болып тіркелді) келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Салқынкөл ауылдық округінің бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2020 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 19 308 мың теңге:

салықтық түсімдер – 770 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0;

трансферттер түсімі – 18 538 мың теңге;

2) шығындар – 19 308 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0:

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0:

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0;

б) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0:

қарыздар түсімі – 0;

қарыздарды өтеу – 0;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы
ауданы мәслихатының сессиясының төрағасы

Н.Синдякина

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы
ауданы мәслихатының хатшысы

Е.Адилбеков

Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мүсірепов атындағы
ауданы мәслихаты
2020 жылғы 10 сәуірі
№ 58-14 шешіміне
қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мүсірепов атындағы
аудан мәслихатының
2020 жылғы 8 қаңтардағы
№ 56-12 шешіміне
1-қосымша

2020 жылға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Салқынкөл ауылдық округінің бюджеті

Санаты	Сыныбы	Кіші Сыныбы	Атауы	Сума (мың теңге)
			1. Кірістер	1 9 308
1			Салықтық түсімдер	770
	01		Табыс салығы	60
		2	Жеке табыс салығы	60
	04		Меншікке салынатын салықтар	710
		1	Мүлікке салынатын салықтар	40
		3	Жер салығы	70
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	600
2			Салықтық емес түсімдер	0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
4			Трансферттердің түсімдері	1 8 538

	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	1 8 538
		3	Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен түсетін трансферттер	1 8 538
Функционалдык топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сома (мың теңге)
			2. Шығындар	1 9 308
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	1 3 982
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 3 982
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 3 762
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	220
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	326
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	326
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	76
		009	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	250
13			Басқалар	5 000
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	5 000
		040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	5 000
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4. Қаржы активтері мен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	0
			6. Бюджеттің тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0
			Қарыздар түсімдері	0
			Қарыздарды өтеу	0

		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0
--	--	--	---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК